



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 12(162), 2021
Желтоқсан
Декабрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Қ. Сүлеймен	
Ер балалар тәрбиесі – аса маңызды мәселе	3
Н. Тұяқбаева	
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – заман талабы.....	4
С. Утеулиева	
Оқылым түрлері және стратегиялары	6
Е. Қасқарауов	
Графика өнерінің шығу тарихы мен даму жолдары.....	9
Г. Бейсембаева	
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда сыни тұрғысынан ойлау жобасының тиімділігі	10
Г. Абилмансур	
Развитие учебной самостоятельности младших школьников	12
Г. Есимсентова	
Развитие читательской грамотности через применение заданий PISA.....	14
Н. Колосова	
Повышение мотивации учащихся через развитие творческих способностей	17
И. Молдаханов	
Студенттердің денсаулығын қамтамасыз етудегі дене шынықтырудың рөлі.....	18
Б. Әкірам	
Қазақстан Республикасының кәсіптік білім беру жүйесіне EQF енгізу перспективалары. Жас маман жобасы.....	20
Е. Тойкин	
Қазақстанцы-фронтовики.....	21
Н. Каламбай	
Механикадағы күштер	23
Б. Шатуова	
Құрлық суларының экологиялық проблемалары.....	30
Б. Ешпанова	
Күй құдіреті. Төкпе күй	35
Қ. Сүлеймен	
Чемпиондар сайысы	38
М. Діқамбаева	
Табиғат тағылымы «Шегіртке мен құмырсқа»	40
А. Алтыбаева	
Авторская программа на тему: «Мой город Жезказган»	44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
25.11.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 25.11.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии


«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Ер балалар тәрбиесі – аса маңызды мәселе



Қайсар Жексенұлы СУЛЕЙМЕН,
№30 жалпы білім беретін мектептің алғашқы
әскери дайындық және дене шынықтыру
пәндерінің мұғалімі.
Ынтымақ ауылы, Іле ауданы,
Алматы облысы.

«Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз», - деп Мағжан Жұмабаев айтпақшы, ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын көкейкесті мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең басшысы — өзін жалғастырытын салауатты, сапалы ұрпақ тәрбиелеу.

Әрбір білім ордасының алдына қойған мақсаты — сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу.

Бүгінгі білімді ұрпақ — ертеңгі болашағымыз десек, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастарымыз даналықтың бастауы — алтын ұя мектептен ұшып шығады емес пе? Демек, егемен еліміздің еркін ұлдарын тәрбие-

леуде білім ордаларының орны ерекше екені айтпаса да түсінікті. «Адам алдына қарап өседі, артына қарап ойланады», - деп Ғ. Мүсірепов айтқандай, ежелден халқымыз «атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» - деп жеті жасар айдарлысын жауға аттандырып, он бестегі ұлына ел басқартқан екен.

Мектепте ер балалар тәрбиесі ең жауапты және ерекшелігі мол кезеңге жатады. Олардың жас ерекшеліктері мен өсімтал сана-сезімдері осыны талап етеді. Осы жаста балалардың дүниеге, қоршаған әлеуметке, ұлттық сана мен қарым-қатынасқа сенімі, көзқарасы беки түседі. «Ұлттық тәрбие — ұлағат көзі», - дейді. Атасына қарап ұл, анасына қарап қыз өсетіні белгілі. Үлгі-өнегінің, тәлім тәрбиенің қайнар көзі туған үйі мен білім алып жүрген мектебінен басталады. Жас ұрпақтың сегіз қырлы, бір сырлы азамат болып қалыптасуына бірден-бір ат салысатын мектеп екені белгілі.

Біз әр сабақта оқушыларға тек білім беріп қана қоймайды, ол өзінің ақыл-ой парасатымен, ұлттық педагогикасымен ұштастыра отырып, оқушыларды азаматтыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз.

Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикметінде»: «Азаматтық тәрбиенің негізі сабырлық, төзімділік, шыдамдық қасиеттерден тұрады», - деп түсінік береді. Ол ер азаматтық мінез-құлық тәрбиелеудің маңызды екеніне баса көңіл аударған. Қазақ халқы ер бала тәрбиесінде: «Ұлыңа бес жасқа дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бестен асқан соң досыңа сана» деген сөзді мұрағат тұтқан болатын.

Бүгінгі ер бала — болашақтың тұтқасын ұстаушы азамат. Сондықтан, келешек ұрпақ алдында қарыздар болмас үшін, бүгінгі күні босаңсып кетпес үшін, тәрбиені өз ділімізге сәйкестендіріп жолға қоймасақ, ертең кеш болуы әбден мүмкін. Осы тұста Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады?» деген сөзі ойға түседі. Бұл ойдың түйіні өте тереңде жатыр, әрине.



Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – заман талабы

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруды атқара алатын оқушыларға бағыт-бағдар көрсету. Мұндай оқушыларды қалыптастыруда нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Қазақ мааманы С. Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымаса – тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді.

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден бір жолы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес,

оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады.

Функционалдық сауаттылық – мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс-әрекеттердің әр түрлі салаларында сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылады. Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әр түрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынаспен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады.

Олар:

- білім беру мазмұны (стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту формалары мен әдістері;
- оқудағы жетістіктерді диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі;
- серіктестік принциптеріне негізделген қолайлы білім беру ортасының болуы;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі ата-аналардың белсенді рөлі.

Функционалдық сауаттылықтың ерекшеліктері:

- оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып табылады;



- тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталады;
- адамды нақты жағдайлардағы тәртібіне байланысты сипаттайды;
- стандартты мәселелерді шешумен байланысты;
- ең алдымен ересек адамдарды бағалау үшін пайдаланылады.

Оның алғашқысы — оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін тәжірибелік жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс. Бұл тұрғыда да біз, алаш арыстарының бірі Ж. Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функционалдық сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. Ағартушы: «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе — туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады».

Оқушының сыни ойлауын дамытуға бағытталған жаңа инновациялық «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасының да басты міндеттерінің бірі — ұстаздардың жаңаша ойлай алатын, өз мә-

селесін өзі шеше алатын адам тәрбиелеуге жәрдемдесуі, ұстаздардың дәстүрлі сабақ беруден өзгеруіне, балаға бағытталған сабақ процесін ұйымдастыра алуы, сабағын белсенді, оқушымен тең құқылы дәрежеде жүргізуі, жобаның философиясын терең меңгерген ұстаздардың шәкірттерін өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен тәжірибені тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес. Жаңа технологияны енгізу барысында мұғалімнің жұмысы оқушының жеке тұлғалық абыройын құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері, бейімділігі мен өздігінен ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. **Әрбір мұғалімнің мақсаты — сабақ сапасын көтеру түрлерін жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызуғушылығын арттыру, іздену, таным деңгейін көтеру.**

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Күтілетін нәтиже:

- Мағынаны ажырата алады;
- Топпен жұмыс істеу құзіреті артады;
- Көшбасшылық анықталады;
- Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;



- Өз ойын айтуға төселеді.
- Функционалдық сауаттылығы артады.

XXI ғасыр — қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр — марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отырғаны анық. Бүгінгі мектептің басты міндеті — өзіндік ой көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл болуды көздейді. Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлануға бейім, интеллект қабілеті дамыған, қоғамдық өмірде өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру — мектеп мұғалімдері үшін үлкен жауапты іс.

Қорыта айтқанда, тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту педагогтарға артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. — 14 б;

2. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс-тәсілдері;

3. К.С. Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында». - А: «Принт АСС»;

4. К. Өстеміров, А. Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары». - А., 2006;

5. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдаушының жұмыс дәптері // NIS-PEARSON;

6. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері // NIS- PEARSON;

7. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат — жарқын болашақтың кепілі»// Өрлеу — Шымкент №1 (7) 02.2014;

8. Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д.

Нұргүль Дәулетбекқызы ТҰЯҚБАЕВА,
№276 орта мектеп директорының бейінді оқыту
ісі жөніндегі орынбасары.
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.



Оқылым түрлері және стратегиялары

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына жолдауында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру және әрбір адамға өмір бойы білім алуы үшін жағдай туғызуымыз керек делінген. Қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Ондай тұлғаларды оқытудың жаңа технологиялары нәтижесінде қалыптасатынын соңғы жылдардағы тәжірибелер көрсетіп отыр. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық, түсіністік, сыйластыққа негізделуі оқушының іздеушілігін дамыту — қазіргі оқыту жүйесінің бағыт алатын өзекті мәселелері. Жаңа педагогикалық технологиялар тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастыруды, әр түрлі жағдаяттарда нақты шешімдер

қабылдай білуге үйретуді мақсат етеді десек, бұл педагогикалық ұстанымдар — білім беруді жаңартудың негізгі өзегі.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Сабақ оқушылардың интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болу керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп оқушылар үшін рухани өмірді тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап — мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады», - деп айтқан екен.

Өзіндік іс-тәжірибемде алдыма қойған мақсатқа жету үшін, оқушыны қызықтыратын, оның жеке тұлғалық қабілетін арттырып, шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға пайдасы тиетін ең тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап, оқу үрдісін жанаша ұйымдастыруды көздедім. Ең тиімдісін таңдағанда, басты назарда ұстағаным — оқушы-



ның өзіндік іс-әрекеті арқылы мақсатына жетуі. Қазіргі таңда мұғалім — ұйымдастырушы, бағыт беруші. Ғалымдар мен педагогтардың жаңашыл ізденістерімен танысып, білім беру технологияларының элементтерін өзіндік іс-тәжірибемде қолданып жүрмін. Солардың ішінде оқу үрдісінде оқушының ықтимал мүмкіндігінің толық іске асуына, тұлғаның жан-жақты жалпы дамуына бағытталған Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы». Сонымен қатар жеке тұлғаның іскерлік, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етіп, мұғалім мен оқушының ортақ нәтижелі табыстарына жетелейтін жеті модульдерді әр сабағымда жүзеге асырып келемін. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Алайда, осы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады. Оқушылар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады.

Тынымсыз ізденіс, зерттеу, іс-әрекет өз нәтижесін бере бастайды. Үздіксіз әрекет, үзбей бірлесе оқу, ойлану, іздену, даму жақсы нәтиже береді. Қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс стратегиясы төмендегі әрекеттерді орындауға әрекеттейді.

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру — үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер», — деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу — оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы.

Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым — баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу — бүгінгі таңның басты мәселесі. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;

- өздігінен оқып, негізгі түйінді ойды анықтап алуы;

- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі заман талабы — жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау — басты мақсат. Тілді оқыту онай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау;

Мәтін — тілді оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен қазақша сөйлеуге үйрету немесе қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ.

Оқылым стратегиялары

«Жылдам кездесу», «Ойланыңыз, жұптасыңыз, бөлісіңіз», «Піспеген модель», «Белсенді түрде модельдеу», «Стоп кадр», «Кітап оқу кезіндегі саяхат», «Ақпараттағы олқылықтар», «Сен білесің бе?», «Графикалық органайзерлер», «Жалғыз құты», «Қос құты», «Венн», «Уақыт диаграммасы» (уақыт сызығы), «Оқиға картасы» (Тарих картасы), «Торлы диаграмма» (Радиальді диаграмма), «Себеп салдарлы диаграмма» (Балық сүйегі немесе Фишбоун), «Тоғыз гауһар», «Таңда да, таста».

1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

«Қоңыраулы көл»

Зайсан көлін ертеде «Қоңыраулы көл» деп атапты. Бұл атау алыстан көк толқынның қоңырауша сылдырлап естілуіне байланысты айтылған болар.

Зайсан көлі, әсіресе жаздығын өте әдемі бола-



ды. Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсайды. Көл өте үлкен, жағалай біткен көк құрақ.

Құсы көп, әсіресе, жазғытұрым қаз қаптап кетеді. Жұмыртқаларын қамыс құраққа салады. Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын. Қамыстарда шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әуілдектер, суында құндыз, ондатрлар мекен етеді. Мұнда шабақ балық көп, одан кейін шортан, қарабалық, сазан, алабұға. Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді.

1. Екінші абзацта не туралы айтылған?

- A) Көлді мекендейтін жәндіктер туралы;
- B) Көлдегі балықтар туралы;
- C) Көлдің көлемі туралы;
- D) Көл атауы туралы;
- E) Қамысты құрақтағы құстар туралы.

2. Көлдің «Қоңыраулы көл» аталуының себебі неде?

- A) Көлде жүзген құс үнінің жағымдылығына байланысты;
- B) Көлдің әдемілігіне байланысты;
- C) Көк толқындардың жылдамдығына байланысты;
- D) Көлден шыққан ерекше дыбысқа байланысты;
- E) Көл толқындарының бұйралығына байланысты.

3. Көлде қандай құстар мекен етеді?

- A) қарға, торғай, шағала; B) бүркіт, қыран, сұңқар; C) қаз, аққу, үйрек;
- D) бұлбұл, үкі, жапалақ; E) шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әуілдектер.

4. Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.

- A) көл, құрақ, балық, құстар; B) көл, жаз, жануарлар; C) көл, қайық, балық; D) теңіз, сазан, алабұға; E) үлкен көл, шортан.

5. Мәтінге лайық тақырып таңдаңыз.

- A) Көлдегі балықтар; B) Көлдегі құстар; C) Көл мен қайық; D) Қамысты көл; E) Қоңыраулы көл.

2-тапсырма. Мәтіндегі басты ойды түсініп, негізгі ойды түртіп алып, бөлімдерге бөлу.

а) Негізгі ойды «Уақыт диаграммасы» әдісі бойынша түртіп аламыз.

3-тапсырма. Мәтінді оқып болғанан кейін өз ойларын жеткізуде «ПОПС» формуласын пайдалануға болады.

«ПОПС» формуласы.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша»

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны былай түсіндіремін»

Үшінші сөйлем. «Мен оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын»

Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім»

4-тапсырма. Мәтінді «Хикая картасы» әдісі бо-

йынша бөлімдерге бөлу.

Жапондық бағалау hello_html_667326cf.jpg

Өзінді бағала:

Бағалау парақтарын толтырар алдында оқушыларға шыншыл болуға, және нағыз ойындағы әділ бағаны қоюға шақырды және олар жазып жатқанда өзінің оқушыларды бағалау қағаздарын толтырып отырды. Өйткені мұғалім оқушылар бағаны өздерінің сыни көзқарастарымен бергенін және өздерінің нақтылы ой-пікірлерін бергенін қалады. Енді «жұбынды бағала» қиындылары тарқатылды.

Жұбынды бағала:

Сабақ ұнады ма?

Несімен ұнады?

Ұнады. Бірігіп жұмыс жасағанымыз және ойымызды ортаға салғанымыз ұнады.

Тапсырма кезінде қиындықтар болды ма?

Жоқ. Себебі, аналар туралы өлең, әңгімелерді көптеп оқитынмын.

- Бүгінгі көңіл-күйіңіз қандай?

- Өте тамаша. Тобымызбен сұраққа, тапсырмаға қызу кірісіп, берілген тапсырманы қорғап шықтық.

Осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, оқушылардың білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз — оқушыны жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдаланып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. — Алматы: Ан-Арыс, 2009. — 368 бет;

2. Әлметова Ә. «Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту» (әдістемелік құрал). — Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 114 б.).

3. Қазбекова Н.Т. «Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану». // 12 жылдық білім, 2014. - №1;

4. Рахымбаева А., Тойымбаева Ж. «Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзырлығын дамыту». Ғаламтор желісінен;

5. «Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру». Ғаламтор желісінен.

Сағыныш Мұхитқызы УТЕУЛИЕВА,
№266 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.



Графика өнерінің шығу тарихы мен даму жолдары



**Ерлік Бекдаулетұлы
ҚАСҚАРАУОВ,
«Қарасаз ауылындағы өнер
мектебі» МККК сурет пәні
мұғалімі.
Райымбек ауданы,
Алматы облысы.**

Графика гректің *«γραφο»* деген сөзінен шыққан, қазақша *«жазамын», «сызамын», «суретін саламын»* деген мағынаны білдіреді. Гравюрлеу француздың *graver* — *«қию», «тырнау»* деген сөзінен шыққан. Гравюра деп бетіне сурет ойып салынған тақтаны да, сондай-ақ одан алынған басылымды да айтамыз. Гравюра Қытайда шамамен VI ғасырда пайда болды. Батыс Еуропада ол XIII-XIV ғасырларда шығып, XVI ғасырда кемеліне жетті.

Графика композициясын зерттеу мәселелері Е.В. Шорохов еңбектерінде, көркем безендіру мәселелері Н.П. Бесчаснов, А.С. Дерябин, Н.Н. Лазерев, В.Н. Козлова еңбектерінде көрініс тапқан. Сәулет Графикалық дизайны К.В. Кудрявцев, Е.С. Асылханов еңбектерінде, ұлттық киім Графикалық дизайны С. Асанова, Ж. Айдынбекова, Ғ. Нұрпейсөвалар еңбектерінде қаралған. Графикалық дизайндағы форма мәселелері Н.Н. Анисимовтың, Н.Н. Ростовцевтің, графикалық дизайн терминдері мен ұғымдарының мәселелері Н.М. Сокольников, О.И. Нестеренко, т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Л. Гербановский — суретшілердің ішінде жылқылардың суретін салғанды ұнатқан ерекше тұлға. Қазақстанға келіп, қазақ ұлттың тұрмысына, өміріне қызығып, еңбектеріне арқау еткен. Оның әр туындысы бір-біріне ұқсамай, ерекшеленіп отырған. Оның жылқыға деген махаббаты ерекше болғаны соншалықты, *«Ипподромадғы жарыстар»* (1940) атты еңбегін дайындап шығарған.

К.В. Кудрявцевтің *«Сәулетші мен графикалық дизайн ердің графикалық дизайн тілі мен мәселелері»* және Н. Лазеревтің *«Интерьер графикалық дизайны»* еңбектерінде сәулет өнері графикалық дизайнерлерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Сәулетші мен графикалық дизайнер қызметінің 7 ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы сипаттамалар берілген.

Көптеген график суретшілерді байқасақ, олар *қарындаш, акварель, тушь* сияқты қолайлы әрі ыңғайлы материалды қолданған.

Графикаға гравюралардың барлық түрлері де жатады, суреттерден айырмашылығы сол — оларды көп дана етіп көбейтуге болады. Қарындашпен, тушьпен салынған сурет немесе гравюралар графикаға жатады. Ол бейнелеу өнерінің бір саласы болып табылады. Кітаптағы иллюстрациялар, газеттегі суреттемелер мен карикатуралар, көшедегі түрлі плакаттар — осының бәрі график суретшілерінің туындылары. Графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қоңыр дақтардың арақатынасы жетекші маңызға ие болады. Графика өнерінің кейбір түрлерінде түстер де пайдаланылады. Графика деп тек баспа техникасымен салынатындарды атаса, суретке — қолмен салынатын жұмыстарды: нобайды, нұсқа, т.б. жатқызады. Графиканың түрлері:

- ✓ *ксилография* (ағашқа жасалған гравюра);
- ✓ *офорт* (металға жасалған гравюра);
- ✓ *литография* (тасқа жасалған гравюра);
- ✓ *линогравюра* (линолеумге жасалған гравюра);
- ✓ *кітап графикасы* (қағазға жасалады);
- ✓ *компьютерлік графика* (компьютермен қағазға басып шығарылады).

Графиканың әдістері:

Графит қарындашымен, гель пастасымен, көмірмен және түрлі-түсті қарындаштармен салынған суреттер;

Беті жылтыр ақ қағазды қара тушьпен бояйды. Ол кепкен соң инемен қырып отырып қажетті суретті салады.

Линогравюра — линолеум пайдалану арқылы орындалған гравюра түрі. Мұнда ең алдымен линолеум жуып тазартылып, сүртіп құрғатылады. Сосын оның үстеліне қажетті сурет шығармасы салынады. Сурет дайын болған соң оның қарамен боялатын жеріне тимейді, ал ақпен боялатын жерінің бір қабатын штихель деп аталатын қашаумен қырып (ойып) алып тастайды. Сурет линолеумде ойылып шыққаннан кейін бетіне типография бояуы жағылады, одан кейін үстіне қағаз төсеп, литография тақтасына апарып тезге салып өткізеді (яғни бастырады). Бұл гравюра түрінің ерекшелігі — суретші бір ғана линолеуммен өзіне қанша сурет керек болса, сонша суретті тезден өткізіп шығара алады. Графикаға қарындаш, көмір, тушьты пайдаланып, қолмен салынған суреттер, баспа графиканың әр алуан түрлері — ағашқа жасалған гравюра (ксилография), металға жасалған гравюра (*офорт*), литография, линогравюра жатады. Кескіндеме сияқты графикаға да — портрет, натюрморт, пейзаж, тарихи, анималистік және



т.б. жанрлар тән. Графикамен кескіндеме арасындағы байланыс ауыспалы. Мысалы, акварель, пастель кейде гуашпен жұмыс істеу техникасын өнердің бір түріне, кейде екіншісіне жатқызады. Бұл — түстің қандай деңгейде пайдаланылғанына, шығармада сызық пен дақтың қайсысы басым екендігіне, оның қолданылатын орнына байланысты.

Графиканың маңызды салаларының бірі — кітап графикасы. Кітаптың ішкі және сыртқы безендіру жұмыстарының барлығы тұтас өнер туындысын құрайды. Әсіресе суретші — иллюстрацияшылардың рөлі зор. Қолданбалы графикаға күнтізбе, құттықтау, ашық хаттар, орауыштардағы зат белгілері (этикетка), пошта маркалары, көшедегі жарнамалар жатады. *Компьютерлік графика* — графиканың жаңа түрі. Суретшілер қиылысқан сызықтардан, көлемді элементтерден, өрнек, түрлі-түсті дақтардан монитор бетінде композиция жасап, одан кейін дайын болған бейнені принтер арқылы басып шығарады. Компьютерлік графикамен жұмыс — дербес компьютерді пайдаланудың ең бір танымал

бағыты, ең бастысы осы жұмыспен Графикалық дизайнерлер мен суретшілер, ғалымдар мен инженерлер, педагогтар және кез келген мамандықтың иелері іс жүзінде пайдалана алады. Компьютерлік графика қазіргі замандағы ең әйгілі құбылыс, барлық осы заманғы үйрететін, дамытатын, жаттықтыратын, ойындық және т.б. компьютерлік бағдарламалар іс-жүзінде мультимедия құралдарын пайдаланбауы мүмкін емес жағдай. Ал компьютерлік графикасыз өз кезегінде осы заманғы, заманауи мультимедиялық бағдарламаның ешбірі түзіле алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Танирберген М.Ж. Графикалық дизайн. Оқу құралы. — Шымкент: ОҚМПУ, 2020. 85 б.
2. Хасенов М.М. Преобразования изображений в графической деятельности школьников: Пособие для учителей общеобразовательных школ. — Алматы: Мектеп, 2005. — 76 с.
3. Герчук Ю.Я. История графики и искусства книги. Учебное пособие для студентов вузов. — М.: Аспект Пресс, 2000. — 320 с.



Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда сыни тұрғысынан ойлау жобасының тиімділігі

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық — білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық — оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Жоспарда мақсат, міндеттер нақты қойылған, ағымдағы жағдайды талдау, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері, білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңарту, оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту, мектеп оқушыларын оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін дамыту, ата-

-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, қосымша білім беруді дамыту, күтілетін нәтиже қажетті ресурс нақты көрсетілген. Осы ұлттық жоспарды іске асыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жалпы үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық, т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану — әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету — қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Әдебиет — оқушыға беймәлім өмірді таныта-



тын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға белгілі. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді.

Адамның өмірге талпынысы мен мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Дөрекілікке, бойкүйездікке, жамандыққа аяқ баспайды.

Әдебиет арқылы оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, қалаулы азамат болып өсулеріне тигізетін әсері мол. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз тиіс. ХХІ ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай, ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзыреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген. Тұлға құзіреттілігін дамыту — ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім — бағыт беруші, ұйымдастырушы. Америка ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының оқушы құзыреттілігін дамытуда маңызы зор. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Бұл жобаның тиімді әдіс-тә-

сілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, пәнге қызығушылығы оянып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятқан әдістер арқылы өз ойларын топта, ұжымда талдай бастады. Біздің іс-әрекеттеріміз жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауға, ойлау қабілеттері бар балаларды дұрыс қалыптастыруға бағытталған. Мұғалімнің сабақ беруі әдісі мен сабақта қолданылатын көрнекіліктері оқушылардың қызыға құштарлықпен жұмыс істеулеріне сәйкес болуы қажет. Жақсы орта қалыптастыру әр оқушымен дұрыс тіл табысуға көмектеседі. Сабақтың әр түрлі кезеңінде оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктерін қамтамасыз ету үшін СТО жобасының әдіс-тәсілдерін қолданамын.

«Егер..., онда..., өйткені...» Өтілген тақырыпты қорытындылауда оқушылардың өзіндік ой-пікірін білу үшін ыңғайлы әдіс. Оқушыны логикалық қорытынды жасауға, шығармашылықпен жұмыстануға жетелейді.

«Кубизм» — Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік беретін оқыту стратегиясы.

Суретте. Туған жердің табиғатының сұлулығы, ақын сезімі өленде қалай берілген?

Салыстыр. Екі досты салыстыр? (Венн диаграммасы қолданылады).

Зертте. Абай ақын туралы тағы не білесің?

Қолдан. Тауып оқы. Қандай бейнелі, көркем тіркестерді көріп тұрсың? (Оқулықпен жұмыс).

Бұл туралы ойлағанда көз алдыңа не елестейді? (Ой толғау, сурет)

Ақынға хат жазып көр.

Талда, қолдан, қарсы шық. Қанаттың компасты суға лақтыруына не себеп болды?

«Сократтық семинар». Ортаға әр топтың Сократтары (топ басшылары) шығарып, шеңбер құрайды. Ал қалған оқушылар оларды қоршап, сыртқы шеңберді құрап, Сократтарға сұрақтарды жаудырады. Сократтар берілген сұрақтарға ойланбастан, мүдірмей жауап беруі тиіс.

«Ақылдың алты қалпағы»

Бұл стратегияны белгілі тақырыппен танысқаннан соң талдау-жинақтау сабағында қолдануға болады. Сынып оқушылары алты түсті қалпақты таңдау арқылы 6 топқа бөлініп, өздеріне тиесілі тапсырма алады. Бұл әдісте қалпақтың түсі тұрақты әрі маңызды. Ақ қалпақты оқушылар тобы шығарма мазмұнын әңгімелейді. Сары қалпақты оқушылар тобы шығарманың жағымды жақтарын айтып шығады. Қара қалпақ таңдаған оқушылар шығарма мазмұнындағы жағымсыз тұстарын теріске шығаруға тырысады. Жасыл қалпақ киген топ шығарма мазмұнына қатысты жаңа мағлұмат іздейді. Қызыл қалпақ киген оқушылар шығармадан алған әсерлерімен бөліседі. Ал көк қалпақты



топ оқушылары басқа топ оқушыларының жұмысын бағалайды.

Жаңа технологияның тиімділігі: оқушы мақсат қоюға үйренеді, есте сақтау қабілеттері дамиды, басқалармен бірігіп жұмыс жасайды, кітаппен жұмыс жасауға үйренеді, қатарынан қалмауға тырысады, дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады. Білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді өздігінен жұ-

мыс істеуге дағдыланады. Мұғалім оқушыны жан-жақты танып біледі; қарым қатынас орнатады; жүйелі тапсырма беруге ұмтылады; оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады; оларға шығармашылық еркіндік беріледі.

**Гульстан Сансызбаевна
БЕЙСЕМБАЕВА,
№59 Жалпы білім беретін орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Қарағанды қаласы.**



Развитие учебной самостоятельности младших школьников

«Развивающемся обществу, - подчеркивается в «Концепции модернизации РК», - нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать решения..., прогнозируя их возможные последствия, отличаются мобильностью..., способны к сотрудничеству..., обладают чувством ответственности за судьбу страны, ее социально-экономическое процветание».

Новые идеи, с которыми мы не встречались ранее — это обучение через диалог и обучение тому, как обучаться. Работа с классом в форме диалога подразумевает конструктивный диалог учителя и ученика. В результате ученик должен научиться методам, приемам и способам получения знаний самостоятельным путем.

Самостоятельность — ответственное, инициативное поведение, независимое от посторонних влияний, совершаемое собственными силами. Учебная самостоятельность школьника является одной из сторон его личностного развития, способностью расширять свои знания, умения по собственной инициативе, т.е. умение учить себя.

Учебная самостоятельность — это умение, прежде всего, совершать рефлексивные и продуктивные действия и операции. Они необходимы для того, чтобы определить новую задачу, для решения которой чего-то не хватает, и ответить на следующие вопросы самообучения: «Чему учиться?»; «Почему имеющихся у меня средств и способов действия недостаточно для решения этой задачи?»; «Чего именно я не знаю, не могу, не умею в данной ситуации?».

Отделение известного от неизвестного, знание

о собственном незнании обеспечивается определяющей рефлексией. Следовательно, первое условие формирования умения учиться у младших школьников — это целенаправленное, систематическое формирование учебной деятельности.

Продуктивные действия и операции необходимы для приобретения недостающих знаний, умений, способностей для решения второго вопроса самообучения: «Как выучиться?».

Учебная самостоятельность, инициативность, поисковая активность — ключевые черты портрета идеального выпускника современной школы. Эти черты должны закладываться в самом начале школьного образования.

Учебная самостоятельность включает в себя следующие составляющие: способность к обнаружению учебной задачи; умение сделать выбор; способность обобщать; развитие речевых умений; самоконтроль и рефлексия; способность планировать.

Для человека, умеющего учиться, всякая новая задача — это задача с недостающими условиями. «Это мне известно, а вот это не известно. Вот чего мне не хватает для решения задачи», - так в общем виде выглядит ответ на вопрос «чему учиться», так формулируется суть проблемы самообучения. Человек, умеющий учиться, ясно осознает свои возможности, а, следовательно, свою ограниченность: недостатки знаний, неспособность справиться с той или иной ситуацией (задачей), неумелость, некомпетентность. И, сталкиваясь с задачей, для решения которой ему не хватает определенных знаний, умений, способностей, он не уклоняется от нее, а ищет средства расширить свои возможности, изучает чужой опыт или изо-



бретает то, чего в опыте других людей, в культуре еще не было. Умеющий учиться также умеет, любит сам искать такие задачи, для которых у него недостает средств решения.

Известны три способа решить задачу с недостающими данными: самостоятельно изобрести, сотворить недостающие для решения средства и способы, т.е. перевести учебную задачу в творческую; самостоятельно найти недостающие условия в любом «хранилище информации»; запросить недостающие данные у преподавателя, поставившего эту задачу.

